

**«Атырау облысы Білім беру басқармасы Индер ауданы білім бөлімінің «Жамбыл атындағы орта мектебі» КММ**

**2022 жыл**



Жубанышкалиева Жанар Гилимовна – мектеп директоры

***Жобаның тақырыбы:***

***«5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіндегі оқу мен оқытуды жетілдіру»***



Кушенова Мереке Орынбасаровна – директордың оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

**Жоба мақсаты.** ***5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіндегі оқу мен оқытуды жетілдіруде тәжірибе алмасу***



Искакова Светлана Сламбековна – мектеп координаторы








# Жобаның моделі

**Шектеулер:**
Этикалық - Педагогикалық әдеп
Уақыттық - Уақытпен санасу
Нормативтік - Оқушы – мұғалім – ата-ана
Құқықтық - Команда ережесі

**Кіріс:**
Қажеттілік

**5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіндегі оқу мен оқытуды жетілдіру**

**Шығыс:**
Қанағаттандырылған қажеттіліктер

**2022 - 2023 оқу жылының қыркүйек - қазан, қараша – желтоқсан**
«5 «А» және 5 «Б» сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіндегі оқу мен оқытуды жетілдіру» барысы зерделенді.
Мектеп бойынша 5 - сыныптарда:
І тоқсанда 5 «А сыныбында»
оқу озаты – 5,
оқу екпіндісі – 7, орташа -12,
білім сапасы -50%.
5 «Б» сыныбында
оқу озаты 2,
оқу екпіндісі – 6,
орташа – 5,
білім сапасы – 61,5%.

**Қамтамасыз ету:**
Оқушылар -37
Мұғалімдер – 11
Ата-ана - 37
Білім, тәрбие және тәжірибе құралдары, белсенді тәсілдер – сабақ, тәрбиелік шара

*«5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіндегі оқу мен оқытуды жетілдіру» тақырыбындағы «Панельдік дискуссияға» 11 мұғалім қатынасып, мектеп психологының оқушыларды зерделеу қорытындысымен танысады.
*Қазақ тілі және әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, математика пәндерінің мұғалімдері оқушының өз ойларын еркін баяндау мен коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіру бағытында пікір алмасады.
* Тәжірибелі мұғалімдер мен жас мамандар тандемдері арқылы кәсіби дамуы жүзеге асады.
* 11 адамнан тұратын команда мүшелері оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі пәнге, ұстазға бейімделу ерекшеліктерін анықтайды, талқылайды.
*Сынып жетекшілері тәрбиелік шараларды ұйымдастыру арқылы, ауыспалы кезеңде оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін зерттеп, кездесетін психологиялық сәтсіздіктерін болдырмауды іске асырады.

# Жобаның тиімділігі

**D**

Жоба аясында 11 адамнан команда құрылып, оқушыларды орта буынға бейімделуіндегі оқу мен оқытуды жетілдіру мақсатында 5 «А» және 5 «Б» сыныптары таңдалып алынды. Оның ішінде I жартыжылдықта қазақ тілі мен қазақ әдебиеті, орыс тілі мен орыс әдебиеті, математика пәндері зерделенді.

Мектеп психологы К.Имангалиева, С.Сыдыхова оқушылардың пәнге қызығушылығын анықтау үшін кіріс сауалнама өткізіп, қорытындылады.

**E**

Жобаны жүзеге асыруда таңдап алынған 5 «А», 5 «Б» сыныптарының мұғалімдері қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, математика сабақтарында оқушылардың орта буынға бейімделуіндегі оқу мен оқытуды жетілдіру бағытында команда мүшелерімен бірге сабақ тапсырмаларын бірлесіп дайындады. Сынып оқушыларымен танымдық шаралар, ата-аналармен тренингтер өткізілді.

**A**

Жоба барысында қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Агыраева өз сабағында оқушылардың орта буынға бейімделуіндегі оқу мен оқытуды жетілдіру бағытында «Ойлан, жұптас, бөліс», «Көңіл күй түймедағы», «Тұлғаны таны», «Суретті диалог» ұтымды әдіс-тәсілдерді қолданды.

Математика пәні мұғалімі Л.Турешова сабақтың әр кезеңінде оқушылардың жауаптарын бағалауда жеке-жеке тоқталып, қызығушылығын тудыру мақсатында топтық, жұптық жұмыс түрлері мен «Аяз атаның аяқ киімі», «Лампа», «Фотодағы есеп» әдістерін пайдаланды.

Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Э.Канатова сабағында Learning Apps.org платформасымен тапсырмалар, аудиожазба, ПАЗЛ құрастыру, «Сурет галлереясы» әдістерін іске асырды.

**L**

Команда мүшелері *«5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіндегі оқу мен оқытуды жетілдіру»* жоба жұмысының тиімді тұстарын талқылап, өз ойларын ортаға салып, кері байланыс алуда. Жоспарға сай өткен «Сұрақ қою техникасы оқу үлгерімін жақсартуға түрткі бола ма?» панелдік дискуссия, «Сыныпта орта буынға бейімдеудегі жетістік» әдістемелік каруселінен, «Сабақты зерттеу тәсілінің көмегімен мұғалімнің кәсіби дамуы» сұхбатынан команда мүшелері бірлесіп, ынтымақтастықта жұмыс жасалды.

# *Команда мүшелерінің өзара әрекеттесу тетіктері*



Кез-келген механизм сияқты, команданың да құрылымы бар. Механизмдегі әр бұранданың өзінің ерекше міндетін шешетіні анық. Сондықтан команда мүшелерінің қандай рөл атқаратынын анықтау өте маңызды.
**2 модуль**. Педагогтермен мектеп командасын құру.





Ресми және бейресми қарым-қатынас жасау барысында өз идеялары мен тәжірибесімен бөлісу, әріптесінің оқыту тәжірибесін зерделеу мақсатында бір-бірінің сабақтарына қатысу көрінбейтін білімді анықтап, айқын етуге мүмкіндік береді**. Ресурс 1.6**













**Ресурс 5.2.4**
Маңызды инновацияны жүзеге асыруда мектеп басшысы пайдаланатын төрт тәсіл.

# Оқушы үні

5 «А» математика сабағында тақтадағы жұмыс қызықтырды





Бірлескен ойын тапсырмаларды орындауда еркіндік бола бастады





Ашық сабақта жасқанбайтын болды

Топта оқушылар өзара көмектесетін болды

ТЖБ үлгерімі жақсара бастады









# *Команданы дамыту: Жоба және нәтиже*





**Күнделікті сабақта ортаға бейімделуіндегі тапсырмаларының тиімділігі жедел өзгеріс жасауды керек етеді.**

**Жедел өзгеріс жасау керектігін біздің команда қалай түсінеді?**

**Болашаққа бағдар стратегиясы - өз ойын еркін жеткізу, тиімді ұсыныс - пікір, бір- біріне көмек, қолдау көрсету, өзара жетістікті, кедергіні бағалау**

**Болашаққа бағдар стратегиясын қалай түсінеміз?**

**Жоспарланған шараларға қатысуға мүмкіндік жасаймыз**

**Қызығушылық танытқан адамды командаға қалай тартамыз?**

**Жобаға қолдау көрсетеміз, тиімді жақтарын әлеуметтік желіде насихаттаймыз.**

**Команда жұмысын қалай насихаттаймыз?**